Еңбек ауылының кітапханасы

Библио-INFO

кітапхана газеті №1/ 2024

Көпшілік іс- шаралар

Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туылғанына 100 жыл толуына орай Еңбек ауыл кітапханасы оқушылар арасында "Ерлігі ұрпаққа үлгі" атты ерлік сабағы өткізілді.Мақсаты: Балаларға соғыс,жеңіс, бейбітшілік туралы түсінік бере отырып, Қазақстанның айбарын асқақтатқан Азамат, Қаһарман лейтенант Рақымжан Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсеткені,30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп,Жеңіс туын тіккенін айтып өтті.Балалар батырдың майдандағы ерліктері мен өмір жолымен танысты.Осындай ерліктің ерен үлгісін көрсетіп,артына өшпес із қалдырған ердің ісін ұмытпай тарихымызды жаңғыртып отыру-бүгінгі ұрпақтың парызы.Елім деп туған ерлердің есімі бір ғасыр өтсе де,ел есінде сақталары сөзсіз.

Өмірде адам баласы алыс армандарға, биік мақсаттарға жетуді көздейді.Сол асқақ армандарға жетелейтін ,оның орындалуына мүмкіндікк беретін ол-мамандық.Мамандық-бұл әрбір адамның сүйіп әрі қуана жасайтын ісі,оның ертңгі болашағы.Әр адам өз мамандығын өзі тандауы және оған құрметпен қарауы керек.Өйткені мамандық тандау үлкен жауапкершілікті қажет етеді.Болашақ жастарға қандай мамандық таңдау керектігін, мамандық таңдау барысында еліне қандай пайда тигізе алатынын насихаттау барысында Еңбек ауыл кітапханасы 8-9 сынып оқушылар арасында «Мен таңдаған мамандық» атты сторителлинг өкізілді.Мақсаты: Мамандық құндылығы туралы түсініктерді кеңейту.Мамандық таңдау,оның нәтижсіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру.Оқушылар адам өз мамандығын таңдаған кезде нені басшылыққа алу керек екенін ,жақсы маман болуы үшін адам нені білуі және нені үйрену қажет екенін ,қандай мамандықты таңдайтындары жайлы өз ойларымен бөлісіп «Мамандық қасиеттері» , «Жасырылған мамандықты тап!»атты тренинг-ойындар ойнатылды. Сонымен қатар мамандық таңдауда қандай факторлардың әсер ететінің байқадық.

"10-шы аймақ оқиды" облыстың акция аясында балалар әдебиетінің алып бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жылдығына орай Еңбек ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен қазақ прозасына ерекше серпін әкелген қаламгер"Балалар әдебиетінің бағбаны " атты тақырыбында әдеби вернисажы өткізілді.Шара барысында ақынның өмірбаяны мен шығармашылығын насихаттап, әңгіме, повесть, романдары және пьесаларында балғын балалық шаққа батыл саяхаттар жасап, таңдандырып, ақиқаттан алшақтамай,балаға тән қиялдап,өмірдің өз болмысын тебірене толғайтыны жайлы айтып, «Менің атым Қожа» фильмінен шағын көрініс көрсетілді.Сонымен қатар,кітапханашы дайындаған сауалнамаға оқушыларымыз мүдірместен жауап беріп,өздерінің жазушының шығармаларын қаншалықты оқығандықтарын көрсетті.Бұл шара оқушылардың ұстанымы мен жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және әдеби көзқарасының дамуына үлкен әсерін тигізді.Соңында балалар ойға түйгендерін ортаға салып, «Менің атым Қожа» кітабын 5 сынып оқушысы Ерасыл оқып берді.Іс-шараға қатысқан оқырмандар саны 7. Акция қонағы Еңбек ауылының негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Ермағанбетова Анар Асқаровна .

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған.Еңбек ауыл кітапханасы мен Еңбек ауылының негізгі орта мектебі "Наурыз келсе, құт келгені ағайын!"атты әдеби музыкалық композиция өткізді.Мереке барысында балалар би билеп,"ұлттық дәстүрлер" тақырыбында көріністер қойылды.Қазақтың халық әндері орындалды.Іс шара соңында наурыз көже беріліп, ұлттық ойындар ойнатылды.

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай Еңбек ауыл кітапханасында «Кітап-ғажайып әлем» атты кітап көрмесі дайындалды. Көрмеге кітапсүйер қауымды әдеби басылымдармен таныстыру мақсатында Б.Соқпақбаевтың, А.Байтұрсыновтың, М.Әуезовтың, Ғ.Қайырбековтың, С.Мұқановтың, Ф.Онғарсынова апамыздың т.б. кітаптар қойылды.Көрменің мақсаты: кітапты насихаттау,кітап пен оқуға деген қызығушылықты қолдау,кітап оқуға тарту,жастардың кітап оқуға,көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту.

Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 13 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданының Қостөбе ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді.

Б. Соқпақбаев журналистикамен көп айналысты, «Балдырған», «Қазақ әдебиеті» газет-журналдары редакцияларында қызмет етті. «Қазақфильм» киностудиясында редактор болды. Оны үнемі бала тәрбиесі мен педагогика мәселелері толғандыратын. Б. Соқпақбаев шығармаларының көпшілігі өз өмірінен алынған.

Бердібек Соқпақбаевтың тырнақалды туындысы «Бұлақ» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1950 жылы жарық көріп, оқырмандарын бірден тапты. Жазушының келесі кітаптары - 1951 жылы «Жекпе жек» повесі, 1953 жылы «Алыстағы ауылда» повесі жарық көрді. «Балалық шаққа саяхат» (1960 ж.) повесі жастық шақтың рухани әлемін көрсетеді. «Дала жұлдызы» (1960 ж.) кітабы қазақтың демократ ғалымы Шоқан Уәлихановтың өміріне арналған. «Өлгендер қайтып келмейді» романы (1 т.-1967 ж., 2 т.- 1974 ж.), «Аяжан» (1963 ж.), «Қайдасың, Гауһар» (1966 ж.) және т.б. әңгімелері жарық көрді.

Б. Соқпақбаев 1952 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жазушыны танымал еткен «Менің атым Қожа» повесін 1957 жылы «Балалар әдебиеті» баспасы басып шығарды, кейін орыс тілінен әлемнің 68 тіліне аударылып және шетелде басылып шықты. Автордың сценариі бойынша туынды негізінде түсірілген осыған аттас фильмі Канн Халықаралық кинофестивалі сыйлығының иегері.

Қазақтың белгілі балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның еске алынатын Күнтізбесіне енді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жазушының 100 жылдығын мерекелеу басталды. Б. Соқпақбаевтың туған ауылы Нарынқолда ескеркіш орнатылып, жазушының есімі саябаққа, білім мекемелеріне, облыстық кітапханаға беріледі деп жоспарлануда.

Мемлекеттік Рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін символикалық айырым белгілері. Мемлекеттік Рәміздер белгілі бір мағына берерлік өзара үйлесімде орналастырылған жанды-жансыз заттардың бейнелерінен құрастырылады. Мұндай бейнелер үйлесімінен мемлекеттің, елдің арман-мұраты, өзін-өзі түйсінуі көрініс береді.

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері ретінде туы, елтаңбасы және әнұраны жатқызылады. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі, сондықтан да мемлекет адамдарға мемлекеттік рәміздерді қастерлеуді парыз етеді. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі Конституцияда немесе конституциялық заңда белгіленеді (бұл Мемлекеттік Рәміздерге биік мәртебе береді) және заңмен қорғалады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу азаматтардың мемлекет тәуелсіздігін құрметтеуді нығайтып, жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін қалыптастырады.

Мемлекеттік рәміздер көне замандардағы ру-тайпаны қорғаушы болып есептелетін тотемдік аң-құстың бейнелерінен, рудың, әулеттің мал-мүлкіне салынған ен-таңбаларынан шыққан. Мыңдаған әскерлер соғыс майданында жаудан өз сарбаздарын ажырату үшін айырым белгілерін пайдаланды. Ортағасырлық Батыс Еуропада бет-жүзіне дейін темір сауытпен қымталған рыцарлардың кім екенін айыру қажеттілігінен ақсүйектердің әулеттік таңбасы пайда болды. Одан бұрын көптеген көне қалалардың, қала-мемлекеттердің өз таңбалары болғаны тарихтан белгілі. Б.з.б. 3-мыңжылдықта Шумер мемлекеттерінің арыстан басты қыран бейнеленген таңбалары болған. Грекиядағы Афины үкісі, Коринфтің қанатты пырағы, Родостың раушаны, Самостың тауыс құсы , Византияның екі басты қыраны мемлекеттік рәміздерге жатады. Өзін көк бөрінің ұрпағымыз деп санайтын түркі жұрты бөрінің басы бейнеленген көк байрақ ұстаған.

Қазақ халқында әрбір рудың мал-мүлікке салатын өз таңбасы болды. Соғыс жағдайында межелі жерге әрбір рудың жасағы өз руының таңбасы салынған байрақ ұстап, хан туының астына жиналатын болған

Тарихтағы айтулы күн

Ғаббас Жұмабаев – ақын, аудармашы, журналист. 1924 жылы 5 мамырда Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Ақсуат ауылында туған. “Большевиктік жол” (қазіргі “Қостанай таңы”) газетінде, «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарында бөлім меңгерушісі, «Ара» журналында фельетонист, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы информация агенттігінде (ҚазТАГ) аудармашы болып қызмет атқарды. Қазақстан Жазушылар одағында да қызмет етті.

Тұңғыш өлеңдер жинағы – “Нөсер” 1959 жылы жарық көрген. Ақынның он шақты кітабы бар. Л.Толстойдың “Крейсер сонатасы” повесі мен бірнеше әңгімелерін, К. Хетагуровтың өлеңдер жинағын, Г.Х. Андерсеннің ертегілер кітабын, С.Вургунның “Бакудастан” поэмасын, Н.Тихоновтың, С.Прокофьевтің және басқа ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған

12 сәуірде қазақтың көрнекті геолог – ғалымы, академигі, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толады. Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің арқасында Қазақстанның бүгінгі инновациялық және ғылыми әлеуетінің іргетасы қаланды.

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы Павлодар облысының шағын ауылында дүниеге келген. Туған кезде оны Ғабдулғани есімімен атады, бірақ анасы оны Қаныш деп атады. Бала кезінен Қаныш білімге ұмтылды, ауыл мектебінде араб тілінде, Павлодар гимназиясында және Семей мұғалімдер семинариясында оқыды.

Қаныш Сәтбаевтың тағдырында оның жас жігітті геология туралы әңгімелермен қызықтырған және оны туған жерінің ішектерін зерттеуге шабыттандырған атақты геолог профессор Михаил Усовпен кездесуі шешуші рөл атқарды.

1921 жылы Қаныш Сәтбаев Томск технологиялық институтына Геология және пайдалы қазбалар кен орындары мамандығы бойынша оқуға түсіп, үздік бітірді.

Институтта оқығаннан кейін Қаныш Сәтбаев "Атбасцветмет" трестінің геологиялық бөлімін басқарды. Оның үлесіне Қазақстанның Жезқазған-Ұлытау ауданында пайдалы қазбалардың қорларын анықтау бойынша алғашқы стационарлық геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу міндеті жүктелді. Басқа геолог мамандардан айырмашылығы, Қаныш Сәтбаев осы аймақтағы кендердің орасан зор қорына сенімді болды.

1932 жылы Қаныш Сәтбаев "Жезқазған мыс кен ауданы және оның минералды ресурстары" атты алғашқы ғылыми монографиясын жариялады, ал 1934 жылы КСРО Ғылым Академиясының сессиясында "Жезқазған-Ұлытау ауданының мыс, көмір, темір, марганец кендері және басқа да пайдалы қазбалар" атты баяндамасымен сөз сөйледі, онда Жезқазған ауданының бай перспективаларын жан-жақты негіздеді кен орындары және барлығы аймақ.

Жезқазған мыс кен орнының перспективасыздығы туралы қалыптасқан пікірге қарамастан, Қаныш Сәтбаев осы кен орнында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру қажеттігін дәлелдеп, сайып келгенде кен орнын әлемдік тау-кен алыптарының қатарына қосты. 1937 жылы ол барлаған мыс қоры Жезқазғанды әлемдегі ең ірі мыс кен орны деп атауға және мұнда Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының құрылысын негіздеуге мүмкіндік берді.Қаныш Сәтбаевтың сөзсіз еңбегіне Қазақстан аумағында марганец кендерінің бай қорларын ашу да кіреді.Қаныш Сәтбаев геология ғылымының барлық бағыттары бойынша кең ауқымды қызмет атқарды. 1946 жылы Қаныш Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болып сайланды. Оның басшылығы кезінде академия жанынан көпсалалы ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Ол Маңғышлақ түбегінің табиғи ресурстарын кешенді зерттеуге, көмір, мұнай, газ, қара металлургия кендерінің жаңа кен орындарын зерттеуге жеке өзі жетекшілік етті, Ертіс-Қарағанды каналының құрылысын белсенді қолдады.Қаныш Сәтбаев отандық металлогендік мектептің негізін қалаушы.

Биыл қазақтың мерген қызы,Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толды. Тура жүз жыл бұрын ,1925 жылы 25 қазанда қазіргі Ақтөбе облысы Қобда ауданында Әлиядай батыр қыз дүниеге келеді. Анасы Маржан 1930 жылдары ашаршылық кезінде қаза болып, әкесі Нұрмұханбет байдың баласы болғаны үшін қуғын көрген соң, кішкентай Әлия нағашысы Әбубәкір Молдағұловтың тәрбиесінде болады. Сол кісінің фамилиясын алған Әлия Ленинградтағы мектеп-интернатта білім алады. Соғыс басталғанда Әлия Қазақстанға өздерімен бірге алып кетпек болған туыстарына көнбей Ленинградта қалады. Кейін өз еркімен майданға сұранған 17 жастағы бойжеткен мергендер мектебіне қабылданып, дайындықтан өткен.Әлия Молдағұлова майандағы алғашқы әскери наградасы – Даңқ орденін 1943 жылы Псков облысындағы Холм қаласы үшін болған ұрыстарда алған. Ал 1944 жылдың 14 қаңтарында Казачиха селосы үшін болған ұрыста опат болған командирдің орнын басып, жауынгерлерді шабуылға бастаған Әлия сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапқан. 1944 жылы маусымда үкімет қаулысымен Әлия Молдағұловаға «Совет одағының батыры» атағы берілген.Ресми деректер бойынша Әлия Молдағұлова 78 фашисті өлтірген. Оның денесі Ресейдің Псков облысында жерленген. Әлияның қабірінен ондаған шақырым жерде қазақтың тағы бір ержүрек қызы – Совет одағының батыры Мәншүк Мәметованың зираты бар. Соғыстан кейін Псков облысы Новосокольники ауданының әртүрлі жерлеріндегі жауынгекрлердің сүйектері Казачиха деревнясынан 4 шақырым жердегі Монаково селосына кіре берістегі жотадағы бір ағайындық зиратқа әскери салтанатпен жерленді.

1944 жылы 4 маусымда СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Әлия Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал 1965 жылы Ұлы Жеңістің қарсаңында Псков жеріндегі Монаковода Әлия атымен бауырластар зираты ашылды. Бұл жерге Казачихада қаза тапқан 2 мыңнан астам Қызыл Әскер сарбаздары жерленген. Қазір Ақтөбе, Мәскеу, Санкт-Петербург, Тараз қалаларында Алияның есімімен аталатын көшелер аталады. Сондай-ақ, Әлияға арналған әндер, кітаптар да бар.
Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай Еңбек ауыл кітапханасында «Әлия -ғасыр аруы» атты тарихи танымдық сағат өтілді. Мақсаты: Ұлы Отан соғысының батыры Әлия апамыздың ерлігін үлгі ету, оқушыларға патриоттық интернационалдық тәрбие беру.Оларды Отан сүюге,елін қорғағауға баулу.Іс- шара барысында оқушылар аты аңызға айналған қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұлованың өмір тарихы мен, батырдың есімі туған ауылына, қалаларымыздың көшелеріне беріліп,Әлия атына мұражай ашылғаны жайлы мағлұмат алды.Соңында батыр қыз Әлияның жасаған ерліктеріне байланысты сұрақтарға және тақырыптың қорытынды жауаптарына белсене қатысып отырды.

Нағашыбай Оразбайұлы Мұқатов Қостанай облысы, Жанкелдин ауданына қарасты Торғай селосында 1949 жылдың 15 наурызында туған. Осы аудандағы Аралбай ауылында Жанкелдин атындағы орта мектепті бітірген. Жоғары сыныпта оқып жүргенде жергілікті баспасөзге мақала, өлең жазған. 1967 жылы орта мектепті бітірген соң Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір» газетінде қызмет істеген.

Аудандық, облыстық ақындар айтысына бірнеше мәрте қатынасып, жеңімпаз атанған. 1968–1970 жылдар аралығында Мари АССР–і Йошкар-Ола қаласында азаматтық борышын өтеген.

Нағашыбай Мұқатов - Алматы қаласындағы Әл–Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі. Ол Қазақстан радиосы және теледидары саласында 40 жылға жуық қызмет еткен. Байырғы Торғай, Қостанай облыстық радиолары редакциасында журналистік қызмет атқарған. «Қазақстан–Қостанай» телерадио компаниясында 1990 жылдары қазақ редакциясын, «Шаңырақ» шығармашылық бірлестігін басқарған. Жеңістің 40 жылдығына, ұлы ақын А. Құнанбаевтың 150 жылдығына, «Жүректен–жүрекке» деп аталатын республикалық теледидар хабарлары фестиваліде үш мәрте жүлдегер болған. Қазақ радиосының Торғай облысындағы меншікті тілшісі болып жұмысын істей жүріп, ел өмірін кеңінен насихаттаған.

Оның әртүрлі баспадан «Сөйле жүрек» (өлеңдер) «Айналайын адамдар» (өлеңдер), «Жалған дүние» (өлеңдер), «Ақ бұлақ» (арнау өлеңдері), «Жанымның жасыл жапырақтары» (өлеңдер мен поэмалар), «Жұлдызды адам» (поэма), «Ой отауда оңаша», «Көкірек көзбен көргендерім» (ой-толғамдар), «Бейсенбай-биік» туындыларын көптеген оқырмандар сүйіп оқиды, көпшілікке танымал.

«Кеңес Одағы теледидары мен радиосы қызметінің үздігі» белгісі

Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісі

«Астанаға 10 жыл» медалі

Қостанай облыстық меценаттар клубы тағайындаған «Қазына» сыйлығының төрт мәрте иегері.

Қызықты мәліметтер

Әлемдегі ең кішкентай балық 2006 жылы Индонезияның Суматра аралының маңынан табылыпты.Оның ұзындығы небәрі 7,9 миллиметр ғана.Ол әзірше әлемдегі ең кішкентай балыұ деп есептеліп отыр.Әлі нақты атауы жоқ балықты ғалымдар тұқымы жағынан карп балықтарына ұқсатып отырған көрінеді.

Алтын-өте иілгіш металл.Одан тіпті тігін жібін жасауға да болады.Жіп түріне келтіру үшін 35 г. алтынды 100 км-ге дейін созуға болады

Айға түскен іздер,желдің болмауына байланысты, миллиондаған жылдар бойына өзгеріссіз қалады,себебі онда атмосфера жоқ.

Жазда Эйфель мұнарасы 15 сантиметрге ұзарады,себебі темір жоғары температурада кеңейеді



Ойнайықта,ойлайық!

По горизонтали:

1. Остров, на котором жили больные звери. **2.** Кем был Карудо? **3.** Кто помог Айболиту преодолеть высокие горы? **4.** Одно из заболеваний африканских зверят. **5.** Враг доктора Айболита. **6.** Пустыня, где бывал Айболит. **7.** Обидчица лисы.

По вертикали:

1. Сова доктора Айболита. **2.** На ком прискакал шакал к доктору Айболиту? **3.** Автор сказки. **4.** Обезьянка доктора Айболита. **5.** Добрый сказочный доктор. **6.** Кто привез телеграмму от Гиппопотама? **7.** Любимая собака Айболита. **8.** Кого привела горилла? **9.** Куда курица клюнула Барбоса?

80



Біздің мекен жайымыз:
Еңбек ауылы .
Школьная көшесі 23.
Еңбек ауылының
кітапханасы.